**«ZIATKER TURAN» ЖШС 2025-2026 оқу жылындағы**

**10-сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарына анықтама**

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты — білім алушылардың бойында отансүйгіштік, еңбеккорлық, жауапкершілік, адамгершілік, құқықтық мәдениет, толеранттылық, цифрлық қауіпсіздік және салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру, сондай-ақ олардың жеке тұлғалық және кәсіби дамуына жағдай жасау.

Сынып сағаттары барысында айлық тәрбие бағыттары, апталық дәйексөздер, мемлекеттік және халықаралық атаулы күндер, қауіпсіздік сабақтары, «ДОСБОЛЦКЕ», «Еңбегі адал жас өрен», «Қамқор», «Балалар кітапханасы» сияқты тәрбие жобалары қамтылды.

**I тоқсан**

Қыркүйек айында тәрбие жұмысы «Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік» бағыты бойынша ұйымдастырылды.

- Оқу жылының алғашқы сынып сағатында «Мен және менің отбасым» тақырыбы қарастырылып, оқушылардың отбасы құндылықтары, ата-анаға құрмет және отбасындағы өзара қолдау туралы түсініктері кеңейтілді. Қауіпсіздік сабағында Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері таныстырылды.
- «ДОСБОЛЦКЕ» «Позитивті ойлау - өміршеңдіктің көзі» тақырыбындағы сабақта оқушылар арасында достық қарым-қатынасты нығайту, буллингтің алдын алу және позитивті ойлау дағдыларын қалыптастыру мәселелері қозғалды.
- «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Еңбек түбі — береке» тақырыбы өткізіліп, еңбеккорлықтың адам өміріндегі маңызы түсіндірілді.
- Қазан айының басында «Қарттың сөзі — ақылдың көзі» тақырыбы арқылы үлкендерді құрметтеу, ұрпақтар сабақтастығы және адамгершілік құндылықтары дәріптелді.

**Қазан айы**

Қазан айында тәрбие жұмысы «Тәуелсіздік және отаншылдық» бағытына арналды.

- «Даналық ұстаздан» тақырыбында мұғалім еңбегінің қоғамдағы маңызы туралы әңгіме жүргізілді.
- Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай ақынның шығармашылығы, ағартушылық идеялары және адамгершілік қағидалары туралы сынып сағаты ұйымдастырылды.
- «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында Республика күніне арналған «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!» тақырыбында тәрбие сағаты өткізіліп, оқушылардың Қазақстан тарихына, ел тәуелсіздігіне және мемлекеттік құндылықтарға деген құрметін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

**II тоқсан**

Қараша айында тәрбие жұмысының негізгі бағыты «Әділдік және жауапкершілік» болды.

- Мәлік Ғабдуллиннің 110 жылдығына арналған тәрбие сағатында оның өмір жолы, шығармашылығы мен ел тарихындағы орны таныстырылды.
- «Ұлттық теңге — Тәуелсіздігіміздің нышаны» тақырыбында ұлттық валютаның тарихы, экономикалық сауаттылық және қаржылық жауапкершілік мәселелері қарастырылды.
- «ДОСБОЛЦКЕ» «Көшбасшы деген кім?» тақырыбында көшбасшылық қасиеттер, өзара сыйластық және буллингтің алдын алу мәселелері талқыланды.
- Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына арналған сынып сағатында қайраткердің өмірі мен шығармашылық мұрасы туралы мәліметтер берілді.

Желтоқсан айында тәрбие жұмысы «Бірлік және ынтымақ» бағытына арналды.

- «Қамқор» жобасы аясында Дүниежүзілік еріктілер күніне орай «Ерікті болу — ерлікпен тең» тақырыбы қарастырылып, оқушылардың қоғамдық пайдалы іске қатысу белсенділігін арттыруға бағытталған мектептегі және сыныптағы тазалықты қолдау акциясы өткізілді.
- «ДОСБОЛЦКЕ» «Қауіпсіз орта — біздің таңдауымыз» тақырыбында буллингтің алдын алу, қауіпсіз орта қалыптастыру және өзара құрмет мәселелері қамтылды.
- «Жетістігімді еліме арнаймын» тақырыбында оқушылардың жеке жетістіктері мен олардың ел дамуына қосатын үлесі туралы пікір алмасу ұйымдастырылды.
- Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай оның ерлік жолы, отансүйгіштік қасиеттері мен өнегелі өмірі туралы тәрбие сағаты өткізілді.

**III тоқсан**

Қаңтар айында тәрбие жұмысы «Заң және тәртіп» бағыты бойынша жүргізілді.

- «Адал азамат - Адал еңбек - Адал табыс» тақырыбында адалдық, еңбеккорлық, жауапкершілік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері талқыланды.

- «ДОСБОЛЛІКЕ» «Кибербуллингке қарсы мәдениет қалыптастыру» тақырыбында әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік, кибербуллингтің алдын алу және интернеттегі жауапты мінез-құлық мәселелері қарастырылды.
- «Арам мен адал, обал мен сауап — ұлтымыздың ұстанымы» тақырыбындағы тәрбие сағатында ұлттық құндылықтар мен адамгершілік нормаларына назар аударылды.

Ақпан айында «Жасампаздық және жаңашылдық» бағыты бойынша жұмыстар жалғасты.

- Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күніне орай «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға бағытталған сынып сағаты өткізілді.
- «Лудомания» тақырыбында құмар ойындарға тәуелділіктің алдын алу, бос уақытты тиімді ұйымдастыру және жауапты шешім қабылдау мәселелері қозғалды.
- «Имандылық — адамгершілік пен ізгіліктің тірегі» тақырыбында рухани-адамгершілік құндылықтар насихатталды.
- «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыбында оқушылардың құқықтары мен міндеттері, заң талаптарын сақтау және қоғам алдындағы жауапкершілігі түсіндірілді.

Наурыз айында тәрбие жұмысы «Тәуелсіздік және отаншылдық» бағытымен жалғасты.

- «Алғыс — ізгі ниет», «Ана махаббаты - шексіз әлем» тақырыптарында отбасы құндылықтары, анаға құрмет, ризашылық білдіру мәдениеті және мейірімділік туралы тәрбие жұмыстары жүргізілді.
- Наурыз мерекесіне орай «Наурыз — жыл басы» тақырыбында ұлттық салт-дәстүр, мәдени мұра және халықтық құндылықтар дәріптелді.

**IV тоқсан**

Сәуір айында тәрбие жұмысы «Еңбеккорлық және кәсіби біліктілік» бағыты бойынша жүргізілді.

- «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Кітап — рухани қазына» тақырыбында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, көркем әдебиетті насихаттау және оқу мәдениетін қалыптастыру жұмыстары жүргізілді.
- Дүниежүзілік денсаулық күніне орай «Денің сау болса — сен бақыттысың!» тақырыбында салауатты өмір салты, денсаулықты сақтау және жеке жауапкершілік мәселелері қарастырылды.
- «Еңбеккорлық — болашағыңның негізі» тақырыбында еңбекке жауапкершілікпен қарау, мақсат қою және болашаққа жоспар құру мәселелері талқыланды.
- «Мамандық таңдау — маңызды қадам» тақырыбында оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмысы жүргізіліп, мамандық таңдаудың жауапкершілігі, жеке қабілет пен қызығушылықты ескеру мәселелері қарастырылды.
- «Ынтымақ - достық көпірі» тақырыбында сынып ұжымындағы достық қарым-қатынас, өзара түсіністік пен сыйластық құндылықтары нығайтылды.

Мамыр айында тәрбие жұмысы «Бірлік және ынтымақ» бағытына арналды.

- «Елді қорғау — ерге сын» тақырыбында Отан қорғаушылар күніне орай патриоттық тәрбие жұмысы жүргізілді.
- Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы аясында «Атадан өсиет, анадан қасиет» тақырыбында ата-аналармен бірге шеберлік сағаты ұйымдастырылды.
- «ДОСБОЛЛІКЕ» «Өзіне сену: мен істей аламын, сен істей аласың, біз жасай аламыз!» тақырыбында оқушылардың өзіне деген сенімін арттыру, бір-бірін қолдау және буллингтің алдын алу мәселелері қамтылды.
- Оқу жылының қорытынды кезеңінде «Білімім — Отаныма!» тақырыбында оқушылардың білім алуға деген жауапкершілігі, алған білімін болашақта ел игілігіне пайдалану және өз алдына мақсат қою мәселелері қорытындыланды.

**Қауіпсіздік сабақтары**

2025-2026 оқу жылында сынып сағаттарымен қатар әр апта сайын 10 минуттық қауіпсіздік сабақтары өткізілді. Қауіпсіздік сабақтарында төмендегідей өзекті мәселелер қамтылды:

- Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері;
- Балалардың құқықтарын қорғау;
- Буллинг және кибербуллингтен қорғану;
- Алаяқтықтың алдын алу;
- Күмәнді табыс түрлерінен сақтану;
- Қоғамдық көліктегі қауіпсіздік;
- Жасанды интеллектіні қауіпсіз пайдалану;
- Жалған ақпарат таратудың жауапкершілігі;
- Онлайн ойындардың тәуекелдері;
- Судағы қауіпсіздік;
- Жағымсыз эмоциялар мен сөздерге дұрыс әрекет ету;
- Цифрлық қауіпсіздік мәселелері.

Бұл сабақтар оқушылардың күнделікті өмірдегі қауіп-қатерлерді дұрыс бағалауына, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруына және жауапты шешім қабылдауына бағытталды.

**Жүргізілген жұмыстың нәтижелері**

2025-2026 оқу жылында 10-сыныптарда тәрбие жұмысы жоспарға сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылды. Жыл бойы өткізілген сынып сағаттары нәтижесінде:

1. Оқушылардың отбасы, Отан, еңбек, достық, бірлік және адамгершілік құндылықтары туралы түсініктері кеңейтілді.
2. Құқықтық сауаттылық пен жеке жауапкершілік мәселелеріне назар аударылды.
3. Буллинг пен кибербуллингтің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
4. Цифрлық қауіпсіздік және интернеттегі жауапты мінез-құлық дағдылары қалыптастырылды.
5. Оқушылардың еңбекке, мамандық таңдауға және кәсіби бағдарға қызығушылығы арттырылды.
6. Ұлттық мәдениетке, салт-дәстүрге және тарихи тұлғалардың мұрасына құрмет қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.
7. Салауатты өмір салтын ұстану, қауіпсіздік ережелерін сақтау және өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау мәселелері қамтылды.
8. Оқушылардың қоғамдық және әлеуметтік бастамаларға қатысуына жағдай жасалды.
9. Ата-аналармен бірлескен тәрбие жұмыстары ұйымдастырылды.
10. Оқушылардың өзін-өзі тануына, көшбасшылық қасиеттерін дамытуына және сынып ұжымындағы өзара қолайлы қарым-қатынасты қалыптастыруына көңіл бөлінді.

**Қорытынды**

Жалпы, 2025-2026 оқу жылында №90 дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-гимназияның 10-сыныптарында сынып сағаттарының жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылды.

Тәрбие жұмысы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптеуге, азаматтық жауапкершілікті қалыптастыруға, қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін дамытуға және болашақ мамандықты саналы таңдауға бағытталды.

Алдағы уақытта оқушылардың өзін-өзі басқаруын дамыту, кәсіби бағдар беру, цифрлық қауіпсіздік, құқықтық мәдениет, буллингтің алдын алу және ата-аналармен бірлескен жұмысты одан әрі жүйелі түрде жалғастыру жоспарланады.

**Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі:** Ғ.Омархан

**Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:** М.А.Жадикова